

**«Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК (әрі қарай – қорық-музей) және Түркістан қалалық «Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігі (әрі қарай – Ардагерлер кеңесі) арасындағы ынтымақтастық туралы  
МЕМОРАНДУМ**

Осы ынтымақтастық туралы меморандум (бұдан әрі – Меморандум), бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК (әрі қарай – қорық-музей) және Түркістан қалалық «Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігі (әрі қарай – Ардагерлер кеңесі) арасындағы қатынастарды белгілейді.

Тараптар, өзара ынтымақтастықты нығайтуға және одан әрі дамытуға ниет білдіре отырып, Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен «2019 жыл – Жастар жылы» болып бекітілуіне орай Түркістан қаласындағы соғыс және еңбек ардагерлері мен қорық-музей жастары өзара мәдени-көпшілік және әлеуметтік, қайырымдылық шараларды жүзеге асыруда бірлескен жұмыстар атқаруды басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты.

**1-бап**

**Осы меморандум шеңберінде қорық-музей келесідей бағыттарда жұмыстар жүргізеді:**

- 1) Түркістан қалалық Ардагерлер кеңесімен бірлесе отырып дөңгелек үстелдер, кездесулер, сұхбаттар, еске алу кештерін ұйымдастыру;
- 2) мерекелік даталарға байланысты (Қарттар күні, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі, 9 мамыр – Жеңіс күні, Ораза, Құрбан айт мерекелері) қайырымдылық шараларын бірлесіп ұйымдастыру;
- 3) қорық-музей ұйымдастыруымен өткізілетін шығармашылық конкурстар, конференциялар, семинарлар, пікірталастар, байқаулар және басқа да іс-шараларға қала ардагерлерінің қатысуын қамтамасыз ету;
- 4) қараушысынан айырылған ардагерлер үйіне барып, қоғамдық жәрдемдесу шараларын ұйымдастыру

**Осы меморандум шеңберінде Ардагерлер кеңесі келесідей бағыттарда жұмыстар жүргізеді:**

- 1) қорық-музейдің ұйымдастыруымен өткізілетін іс-шараларға белсенді түрде қатысу;
- 2) қорық-музей жастары арасында тәрбиелік жұмыстар жүргізу;
- 3) қорық-музей қорын және кітапханасын толықтыруға бағытталған жұмыстар жүргізу.

## 2-бап

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер екі жақты келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

## 3-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 4-бап

Осы Меморандум ешқандай қаржылық міндеттемелерге әкелмейді.

## 5-бап

Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, 1 жыл мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 1 (бір) ай өткенге дейін күшінде болады.

## 6-бап

Осы Меморандум Түркістан қаласында 2019 жылғы «15» сәуірі, екі данада, қазақ тілінде жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей.

### Тараптар қолдары:

«Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК  
директоры

  
Н. Ахметжанов

«15» 02 2019 ж.

Түркістан қалалық «Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы

  
Ж. Құлбайымбетов

«15» 02 2019 ж.